



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№2 (642)
10 қаңтар,
Сенбі
2026 жыл



ЖАНДОСБЕК НАБИЕВ,
ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАСТАР
СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ,
«QYZYLORDA» ФУТЗАЛ
КЛУБЫНЫҢ КАПИТАНЫ:

СПОРТШЫ ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ АҚЫЛДЫ БОЛУЫ ҚАЖЕТ

Адам баласы спортшы боламын деп тұмайды. Ойын баласы кезінде біреудің себепкерлігімен спорт әлеміне аяқ басып, спортты мәңгі «мекеніне» айналдырып қалуы мүмкін. Саналы ғұмырын спортқа арнаған адамдардың тағдыры әртүрлі. Әр спортшының жүріп өткен жолы, өмірден түйгені мен өзінен кейінгі буынға бөлісетін ой-пікірі де әрқилы.

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – «Qyzylorda» футбол клубының капитаны Жандосбек Нәбиев.

5-БЕТТЕ

СЕН ДЕ КЕТТІҢ, МЕН ДЕ КЕТтім АУЫЛДАН...

Қазіргі уақытта қала дамуы үлкен сатыға көтеріліп, тұрғын саны артуда. Осы тұрғыда елді мекендерде теңсіздік орнады. Әлем тәжірибесі бойынша экономика деңгейіне қала мен ауыл арасындағы урбанизация деңгейі әсер етеді.

2050 жылға дейін елдегі урбандалу деңгейі 70% дейін жетуі мүмкін деген болжам бар. Урбанизация – еріксіз жүретін процесс. Халық жаксы жұмыс пен табыс іздеу мақсатында ауылдан қалаға көшеді. Бірақ кейде бұл үдеріс қоғамға күрделі өзгерістер әкеледі.

Бүгінде Қазақстанның әрбір төртінші тұрғыны Алматы, Астана не Шымкентте тұрады. Бұл үдеріс қала тұрғындарының арасында кептеліс, мектепке, балабақшаға қойылатын кезек санын арттырады. Қалаға көшіп келген адам бірден жұмыс пен баспана мәселесіне тап болады. Бірақ одан да үлкен қиындық – уақыттың ұрлануы.



ТЫҢ ЖӘДІГЕРГЕ ТОЛЫ

«АҚМЕШІТ»

Таяуда оралдық ақын жігіттің Сыр топырағына табаны тиді. Сондағы әлгі жігіттің ең бірінші ойы – ұлтымыздың қазақ деген ұлық атауын қайтарған орынды барып көзбен көру, сол жердің топырағын сүю болған екен. Ал біз сол топырақты әр күні әр сағатта сүюге мүмкіндігіміз бар. Тіпті сол жерге барып, қазақ зиялыларының осыншалықты еңбегін сезініп, өн-бойымыздан өткізер едік. Солақай саясаттың салқыны біздің тарихымыздың көпшілігін тып-типыл етті.

1925 жылдың 15 сәуірінде басталған КССР Қырғыз (қазақ) кеңестерінің V съезі 19 сәуір күні түйінделді. Міне, сол жиында қазақ деген тарихи атауымызды қайтардық. Еліміз Қазақ ССР-і болып аталды және Ақмешіт астана болып бекітіліп, атауы Қызылорда болып өзгерді. Ардада гасыр өтіпті. Гасырдан асып, келесі кезеге аяқ бастық.

Теміржол вокзалының алдында көзге сонадайдан түсер ерекше ғимарат тұр. Басы артық ешнәрсесі жоқ осы құрқылтайдың ұясындай бөлмелердің ішінде том-том тарих сайрап тұр. Тамырсыз тасына да тіл бітсе тарихтың бетін парактайтын біздің елдегі осы бір ғимарат – «Ақмешіт» музейі. Көненің көзіндей болған тарихи нысан бүгінде жанарған. Іші-сырты жаңа кейіпке енген. Табалдырықтан аттай қалсаңыз,

3



ҚАЗАҚЫ СТИЛЬ ҚАЛТАҒА САЛМАҚ ПА?

Адам көркі – шүберек. Киіміне қарап қарсы алып, ақылына қарап шығарып салатын қоғамда сәнді киінуді кім қаламайды дейсіз. Әсіресе кейінгі жылдары Қазақстанда ұлттық стильге деген қызығушылық бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Қазақи болмыс пен заманауи стильді ұштастырған соңғы үлгідегі киімдер еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін кез келгеннің қызығушылығын туғызып отырғаны қуантады.

Алайда осы үрдіспен бірге ұлттық нақыштағы киімдердің бағасы да күрт қымбаттап, қоғамда түрлі пікір тудырып отыр. Ұлттық стиль – мәдени мұра ма, әлде таңдаулы топқа арналған сән бе? Оның құны неге шарықтап тұр?


Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлттық киімдер тақырыбына арнайы тоқталды.

– Ұлттық киімдерге деген қызығушылық арта түсті. Мектептерде, түрлі мекемелерде, сондай-ақ ірі компанияларда ұлттық киімге мән беріле бастады. Сұранысқа сай тігін цехтары ашылып, жаңа брендтер, дүкендер пайда болды.

Осылайша, ұлттық киім кино біртіндеп қалыпты көрініске айналып келеді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Бет-жүзді тұмшалайтын қара киімнен гөрі өзіміздің ұлттық киімдеріміз әлдеқайда артық. Әсіресе әйелдердің дәстүрлі киімі өте ғажап көрінеді. Себебі

ұлттық киім, бұл – біздің бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды көрінісі. Оны жан-жақты дәріптеуіміз керек, – деді Қазақстан Президенті.

4



ҮЗІЛГЕН ТАҒДЫР

6-БЕТТЕ



БІРЛІК ПЕН СЕНІМГЕ БАСТАЙТЫН ОРТАҚ ШАҢЫРАҚ



Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік – Қазақстанның тұрақты дамуының берік тұғыры. Әртүрлі этнос өкілі мекендеген ел үшін өзара сыйластық пен татулықты нығайту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді. Осы тұрғыда Қазақстан халқы Ассамблеясы үш онжылдық бойы елдегі қоғамдық келісімнің институционалдық тірегіне айналып, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауда маңызды рөл атқарып келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында жүзеге асқан ауқымды бастамалардың бірі – Қызылорда қаласында «Достық үйінің» жаңа заманауи ғимаратының салынуы. Бұл нысан өңірдегі этносаралық ынтымақтастықты нығайтуға, азаматтық қоғам институттарының әлеуетін арттыруға және қоғамдық диалогты дамытуға бағытталған маңызды әлеуметтік-мәдени орталық ретінде бой көтерді. «Достық үйінің» ашылуы – Сыр өңіріндегі бірлік пен келісім саясатының жүйелі түрде жалғасып келе жатқанын айқындайтын елеулі оқиға. Иә, апта бедеріндегі ауқымды әрі маңызды жаңалық – «Достық үйінің» салтанатты ашылуы. Рәсімге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Мұрат Әбеннов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Аян Зейнуллин, «ҚазАтомӨнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов, «Самұрық-Қазына Траст» корпоративтік қорының бас директоры Альфия Адиева, құқық қорғау органдары мен жауапты салалардың басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде бірлік пен татулықтың ел дамуы үшін шешуші мәнге ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, бірлік – халықтың тұтастығы мен ырыс-ынтымағының, өзара үйлесімді қарым-қатынасы мен қоғамдық келісімнің айқын көрінісі, мемлекет болып қалыптасудың басты алғышарты.

Облыс әкімі Қызылорда өңірінде бүгінде 30-дан астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқанын, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы 11 этномәдени бірлестіктің ортақ мүдде мен бір мақсат жолында ел бірлігін нығайтуға жүйелі түрде атсалысып келе жатқанын жеткізді.

– Бірлік – халқымыздың тұтастығы мен ырыс-ынтымағының, үйлесімді қарым-қатынасының, татулығының көрінісі. Ел болудың бірден-бір алғышарты. Өңірімізде 30-дан астам этнос өкілі тату-тәтті өмір сүреді. Ассамблея жанында 11 этномәдени бірлестік бір мүдде, бір мақсат жолында ұйысып, елдің бірлігін сақтау бағытында жұмыс жасауда.

Береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына өткен жылы 30 жыл толды. Бүгінде Ассамблея халқымызды бірлікке, достыққа үндейтін жалпымұлттық келісімнің негізіне айналды.

Президентіміздің тапсырмасына сәйкес, өткен жылы 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні Өздеріңізбен бірге осы жерде жаңа ғимараттың іргетасын қалаған болатынбыз.

Міне бүгін, тарихи сәтте қайта қауышып, «ҚазАтомӨнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының демеушілігімен 3 миллиард 800 миллион теңгеге салынған «Достық үйінің» заманауи ғимаратын ел игілігіне табыстаудамыз, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар жаңа нысанның бой көтеруіне демеушілік жасағаны үшін «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Нұрлан Қаршығаұлына, ұлттық атом компаниясының басқарма төрағасы Мейіржан Бақытұлына алғыс айтып, сөзін әрі қарай жалғады.

– Жалпымұлттық тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің қайнар бұлағы – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында бой көтерген, достық пен келісімнің нышанына айналатын жаңа ғимарат баршаңызға құтты болсын! – деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты рәсімде бірлік пен келісімнің нығаюына елеулі үлес қосқан Ассамблея мүшелері мен жаңа ғимаратты сапалы етіп салған мердігер мекеме өкілдері облыстың ең жоғарғы наградасы – Қызылорда облысының Құрмет Грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Марат Әзілханов, Мұрат Әбеннов және Мейіржан Юсупов құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілектерін жеткізді.

Жаңа «Достық үйінің» пайдалануға берілуі өңірдегі этносаралық саясаттың инфрақұрылымдық тұрғыда нығая түскенін көрсетеді. Бұл нысан бірлік пен келісім идеяларын нақты іске айналыратын қоғамдық алаң. Мұнда этномәдени бірлестіктер, ардагерлер ұйымдары мен азаматтық сектор өкілдерінің қызметі бір ортада тоғысып, өзара ықпалдастықты күшейтуге мүмкіндік алады.

Ғимараттың функционалдық құрылымы қоғамдық келісімді дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізуге бейімделген. Мәдени және рухани іс-шараларға арналған кең залдар, шығармашыл жастармен жұмыс істейтін үйірмелер, даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге арналған медиация алаңдары, сондай-ақ ғылыми-сарапшылық бағыттағы құрылымдардың қызметіне жағдай жасалуы – осының айғағы. Жаңа ғимараттағы 200 орындық концерттік, 50 орындық акт залдарында мәдени-рухани шаралар ұйымдастыруға болады. Мұның барлығы қоғамдық диалог мәдениетін қалыптастыруға, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және жаңа бастамаларды қолдауға бағытталған.

Осы тұрғыдан алғанда, «Достық үйі» тек архитектуралық нысан ғана емес, өңірдегі азаматтық қоғам институттарының әлеуетін арттыратын, этносаралық өзара сенім мен ынтымақтастықты тереңдететін маңызды қоғамдық платформа ретінде мәнге ие.

Ә.ЖАНӘБІЛҚЫЗЫ

СТЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Бүгінде қарапайым халық арасында МӘМС пен ТМҚКК ара жігін ажырата алмайтын жағдайлар бар. Яғни басы ауырып, балтыры сыздағандардың көпшілігі жүйеге төлем жасамады деп, өз құқын білмей қалып жатады. Әйтсе де сіз міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға қатыспаған жағдайда тегін медициналық көмек ала аласыз.

ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚАЛАЙ АЛАСЫЗ?

Елімізде көп адам міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне тұрақты түрде жарна төлейді. Алайда соған қарамастан, олардың көбі қандай медициналық қызметтерді тегін алуға құқылы екенін және емханаларда қандай құқықтарын қорғауға болатынын біле бермейді.

– Қазақстанда тегін медициналық көмектің екі деңгейлі жүйесі жұмыс істейді. Әуелі, ТМҚКК (тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі), бұл көмек барлық азаматқа, МӘМС-ке жарна төлеген-төлемегеніне қарамастан көрсетіледі. Ал МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру), бұл жүйе ТМҚКК-ні толықтырып, жарна төлейтін азаматтар мен мемлекет жарна төлейтін адамдар үшін қызметтер тізімін кеңейтеді, – дейді «Бастамаларлы қолдау» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мадина Тулепова.

ТМҚКК аясында азаматтардың тегін алуға құқылы қызметтердің қатарында жедел жәрдем көмегі, шұғыл түрде ауруханаға жатқызу, әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу, өміріне қауіп төнген жағдайларда диагностика мен ем, вакцинация және жедел жағдайлар кезінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек кіреді.

Ал МӘМС аясында бейінді (тар) мамандардың кеңесі, жоспарлы түрде ауруханаға жатқызу, зертханалық және аспаптық тексерулер (УДЗ, ЭКГ, талдаулар), жоғары технологиялық медициналық қызметтер, қалпына келтіру емі және оңалту, бірқатар созылмалы аурулар кезінде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қызметтері көрсетілуі керек.

– Көптеген науқас дәрігердің рецепті бойынша кейбір дәрілерді тегін немесе жеңілдікпен алуға болатынын білмейді. Қант диабеті, артериялық гипертензия, бронхиалды астма, эпилепсия, онкологиялық аурулар және басқа да созылмалы дерттер кезінде тегін дәрі-дәрмектер қарастырылған. Егер дәрігер сізге тізімге кіретін препаратты жазып берсе, емхана оны тегін беруге немесе жеңілдікпен қамтамасыз етуге міндетті, – дейді Мадина Ерғалиқызы.

Сондай-ақ егер емханада сізге «дәрі жоқ», «бұл ақылы», «талдауды өз қаражатыңызға тапсырасыз» десе, сіздің жазбаша түсініктеме талап етуге, бөлім меңгерушісіне жүгінуге, емхана әкімшілігіне шағым жазуға және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына хабарласуға құқығыңыз бар. Егер сіз МӘМС-ке жарна төлеп жүрсеңіз, сіз көмек сұрап отырған жоқсыз, өз құқығыңызды пайдаланып отырсыз. Азаматтар өз құқықтарын неғұрлым жақсы білсе, жалпы денсаулық сақтау жүйесі де соғұрлым сапалы бола түседі.

Аян СПАНДИЯР

МЕРЕКЕ КҮНІ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕ

Мереке – көпшілік үшін демалыс, қуаныш пен басқосу уақыты. Ал сол сәтте ел тыныштығы мен халықтың қауіпсіздігі үшін күндіз-түні тыным таппай еңбек ететін жандар бар. Олар – жедел жәрдем дәрігерлері, құтқарушылар, диспетчерлер, коммуналдық қызмет мамандары. Қоғам қалыпты тіршілігін жалғастыруы үшін мереке күндері де қызметінен қол үзбейтін осы сала өкілдерінің еңбегі қашан да құрметке лайық.



Қызылорда облысында мереке күндері тұрғындардың қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету мақсатында барлық жедел және коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде, тәулік бойы жұмыс істеді. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында сала басшылары атқарылған жұмыстарды қорытындылап, мереке күндері қызмет еткен мамандардың қажырлы еңбегіне алғыс білдірді.

Мереке күндері денсаулық сақтау саласының қызметкерлері үшін аса жауапты кезең саналады. Осы уақыт аралығында облыс бойынша 75 жедел жәрдем бригадасы үздіксіз қызмет атқарды. Сонымен қатар БМСҚ ұйымдарының жанынан 29 мобилдік топ қысқартылған режимде қызмет көрсеткен. Ал 31 желтоқсан мен 4 қаңтар аралығында «103» жедел желісіне 6700-ге жуық шақыру түсіп, барлығы дер кезінде орындалған. Біршама тұрғынға шұғыл медициналық көмек көрсетіліп, 1896 науқас ауруханаға жеткізілді.

Оның 826-сы балалар. Травматологиялық пунктерге де тұрғындар жиі жүгінген. Нақтыласақ 258 адам жеткізілді, ал 213 тұрғынға жедел көмек көрсетілген. Дәрігерлердің кәсібилігі мен жеделдігі арқасында қалыпты босанулар уақытылы қабылданып, ана мен бала өміріне қауіп төнген жағдайлар тіркелмеді. Тіпті жаңа жыл түні облыс бойынша 54 сәби дүниеге келді. Бұл да медицина қызметкерлерінің тынымсыз еңбегінің айғағы емес пе?!

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Төтенше жағдайлар департаментінің рөлі ерекше. Мереке күндері департамент бөлімшелері күшейтілген кезекшілікке көшіп, жедел шақыртуларға дер кезінде әрекет етті. Тіркелген төтенше жағдайлардың барлығы техногендік сипатта болғанымен, олардың әрқайсысы жедел бақылауға алынған. Құтқару жұмыстарына жүзден астам қызметкер мен ондаған техника жұмылдырылып, қажет болған жағдайда ұшқышсыз ұшу аппараттары да пайдаланылған.

– Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті де мереке күндері күшейтілген кезекшілік режиміне көшті. Осы уақыт аралығында департамент бөлімшелері 22 рет жедел шақыртуға шықты. Тіркелген төтенше жағдайлардың барлығы техногендік сипатта болды. Облыс бойынша орта есеппен 164 қызметкер, 45 техника, ұшқышсыз ұшу аппараттары мен тікұшақ жұмылдырылды. Республикалық және облыстық маңызы бар автожолдарда төтенше жағдайлар тіркелген жоқ, – деді ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Асхат Оразбеков.



Сонымен қатар мереке күндері облыс әкімі аппаратының «Жедел әрекет ету орталығы» мекемесі де «109» және «112» бірыңғай байланыс нөмірлері арқылы күшейтілген режимде жұмыс жүргізді.

Орталықтың директоры Бағлан Терлікбаевтың айтуынша, «112» желісіне барлығы 3583 хабарлама түскен.

– Барлық өтініш дер кезінде қабылданып, жауапты органдарға жолданды. «112» желісіне барлығы 3583 хабарлама түсіп, оның 1615-і шұғыл сипатта болды. Ал «109» желісіне 1973 өтініш түсіп, оның 96,5 пайызы орындалды. Өтініштердің басым бөлігі электрмен жабдықтау, су, газ, жылу жүйесіне қатысты. Халықтың өтініштеріне уақытылы және сапалы жауап беру басты назарда болды, – деді Бағлан Терлікбаев.

Қорытындылай келе, мереке – көпшілік үшін демалыс пен қуаныш кезеңі болса, жауапты сала қызметкерлері үшін сын сағаты екені айқын байқалды. Қызылорда облысында медицина, төтенше жағдайлар, жедел әрекет ету және коммуналдық қызмет мамандарының үйлесімді жұмысының арқасында тұрғындардың өмірі мен қауіпсіздігі толық бақылауда болды. Мыңдаған шақырту мен өтініш дер кезінде орындалып, төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік туды. Бұл – өз ісіне адал, кәсіби білікті мамандардың тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Сондықтан мереке күндері де ел тыныштығын күзеткен азаматтардың еңбегі әрдайым құрмет пен алғысқа лайық.

Інжу МАРЖАН

Басы 1-бетте

ТЫҢ ЖӘДІГЕРГЕ ТОЛЫ «АҚМЕШІТ»

Ә дегеннен ғимараттың жанарғаны табалдырықтан бастап-ақ көзіңізге түседі. Бұрынғы көне ғимарат жанарып, қабырғалары да ашық түспен көңіліңді шайдай ашады. Облыстық музейдің басшысы Сапар Көзейбаев пен музейдің ғылыми қызметкері Асхат Сайлау бізді ең әуелі жаңашылдыққа қадам басқан нысанның жұмысымен таныстырады.

– Келуші кіреберіске келгенде мұнда тұрған планшет арқылы қайраткер суретінің үстіне барса, өмірбаяны мен қызметі, елге атқарған еңбегі айтылады. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, мүмкін Сәкен Сейфуллин туралы білгіңіз келетін шығар?... Қалаған кісінің суретіне планшетті апарсаңыз, мәліметке қанығасыз. Бұл панорамалық картинада біз барлығын қамти алмадық, сыйғанынша алдық. Әйтпесе Алаш қайраткерлерін түгендеп, барлығын қояр болсақ ғимараттың барлық қабырғасы да жетпейді, – дейді музей басшысы.

Қызылорда астана болған уақыттағы осында еңбек еткен қайраткерлердің қай көшеде тұрғанын осыған дейін де қаламға арқау етіп жүрдік. Дегенмен, біздікі тұспал болатын. Таяуда ҚР Президенті архивінен қол жеткізген 400 беттік мәлімет пен видеоларда көп жайт айқын жазылған.

– Біз архивтен тапқан құжаттарға қарасақ, сол уақытта күн сайын үлкен жиын өтіп отырған. Апта сайын емес, әр күн сайын түрлі мәселені талқылаған келелі кеңестер. Олар дамыл таппаған. Қазақ

халық ағарту институтының ұйымдастыруымен өткен жиындар, ол жиындардың қайда өткені, оған қатысқан Жүсіпбек Аймауытұлы, Смағұл Сәдуақасов, Телжан Шоманов, Бейімбет Майлин, Лияс Жансүгіров сияқты қазақ интеллигенциясы өкілдері жайлы мағлұматтар және фотосуреттердің біразын алып келдік. Біз әкелген 45 суреттің ішінде Қызылорданың сол уақыттағы жағдайы, көшелері, демалыс паркі, медицина саласы, Қазторг, Профсоюз қызметкерлерінің суреттері бар. Алты минуттық деректі фильмде 1927 жылы қазан төңкерісінің 10 жылдығы, ол жиынға мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмұхамедовтың қатысып, сөз сөйлегені, сол кезеңдегі қала көшелері мен адамдары түсірілген, – дейді Асхат Қожагелдіұлы.

Айта кетсек, әкелінген құжаттардың ішінде Қызылорданы салуға қанша ағаш, қанша кірпіш кеткені жөніндегі есептер де бар. Оның ішінде А.Кенжиннің Қызылорданың санитариялық жағдайының төмен екенін айтқан дерек те кездеседі.

– Қызылордадан астана жасау оңай болмаған. Нығмет Нұрмақовтың баяндамасында да біраз жайт ашып айтылады. Сырттан келген

қызметкерлерге баспана табу мәселесі болғанын да құжаттан көреміз. Атақты Әбілқайыр ханның ұрпағы саналатын

Кенжиннің бұйрығы да табылды. Бұл жерде күштеп тартып алып берген деген мәселе жоқ. Міржақып Дулатұлы сыйлы болған. Қасымов та елдегі алғашқы ағартушының бірі. Көзі ашық, көкірегі ояу азамат Дулатұлына деген құрметпен өзінің баспанасын берген екен. Алдағы уақытта 1928 жылғы архив

бар, – дейді ғылыми қызметкер.

Ғасыр бұрынғы тарих беттерінде Алаш қайраткерлерінің ізі қалған мекенде біз Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейхановтардың табанының табы қалған жерді басып жүрміз. Көненің көзін көрген әрбір нысанға тіл бітсе, талай оқиғаны айтып берер еді... Бұл күнде олардың әрбірінің қай үйде тұрғанына дейін құжатта сақтаулы. Бұйырса, жарқыратып, тактайша ілетін де күн келер... Кейінгі ұрпақ «бұл жерде Ахмет атаның үйі болыпты» дегенді айтып, кеудесін мақтаныш сезімі кернессе қандай ғанибет...

– 1925 жылы өткен V съезге 500 адам келген. Сол бес жүз адамға жатын орын дайындау, ас-ауқат дайындау – мұның барлығы үлкен дайындық болды. Осы мәселелер айтылған телеграммалар да сақталған. Ол аз адам емес. Етті арзандату, оны шаруашылықтардың жауапкершілігіне беру, керулет жеткізу, ғимаратты босату тәрізді мәселелер жазылған құжаттардың да көшірмесін әкелдік. Тұтас тарих қой. Жоғарыда айтып өткен панорамалық картина сырттан келген қонақтарға, мектеп оқушыларына арнайы дайындалған. Келешек ұрпақ білу керек. Қызылорданың астана болғанын, қазақ деген атауды осы жерде қайтарғанын естен шығармау керек, – дейді А.Сайлау.

Музейдегі әрбір бұрышта қойнауы ғасыр жүгін арқалаған тарих тұр. Ақмешіт бекінісінің суреті мен макеті де көзге со-

надайменменмұндалайды. Қызылорданың атауын қойған Қоңырқожаның да, атақты Лапиндердің де тарихы қойылған. Мәскеудің қақ ортасынан нотариус ашып, қылышынан қан тамған қызыл империя айыптаған қандастарымызды қорғап шыққан Сералы Лапиннің еңбегінің өзі неге тұрады. Лапиндер мен Қожықовтардың: қос әулеттің тарихында қазақ тарихының көп бөлігі көрініп тұр. Асхат Қожагелдіұлы алдағы уақытта да ізденіс арта түсетінін айтты.

– Бізге ел асып, сыртқа барудың қажеті шамалы. Ташкенттегі архивтің өзін ұлт жанашырлары сол уақыттың өзінде елге көшіріп алуы бек мүмкін. Біз қазір Президент архивінен көп қазына таптық. Алдағы уақытта да жыл сайын қоржынымыздағы қазынаны арттыра түсеміз. Ұлттың тарихы шын, ақиқат болуы керек, ол ұмытылмауы керек, – дейді А.Сайлау.

Музей директоры Сапарғай мен Асхат Мырзаның қасында тұрып, «Ақмешіт» музейін өз қаражатымен, осындағы қызметкерлердің өз күшімен қайта жаңғырғанын естіп, риза болдық. «Музейде мамандыққа жан-тәнімен берілгендер ғана жұмыс істейді» делі директор. Екі азаматтың ұлт тарихына келгенде жанын сала тер төгетініне қарап тұрып, расымен мамандыққа адамдардың кездейсоқ келмейтінін түсіндік.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.



Басы 1-бетте

СЕН ДЕ КЕТТІҢ, МЕН ДЕ КЕТТІМ АУЫЛДАН...



Қалалық өмір салтында «уақыт – ақша» қағидасы бірінші орынға шығады. Одан бөлек ата-ана мен бала арасында рухани алшақтық туындайды. Күніне 3-4 сағатты кептеліс алады. Кейде ата-ана үйде тек кешкі уақытта болады. Ал ауылда керісінше мектептерде бала саны азайып, сыныпта тек 4-5 бала оқытылады. Оның салдарынан оқу орындары жабылуда. Сол себепті ата-аналар «Балам білімді, сауатты болсын» деген ниетпен қалаға қоныс аударады. Бұл ауылдық елді-мекендерде адам санының азаюына тікелей әсер етеді.

Онымен қоса мегаполис атанған қалада кәсіпорындар, зауыттар жұмысы аса белсенді. Ал урбанизация деңгейі көбейген сайын ұқсас мекемелер көбейіп бұдан да үлкен қатерлерге әкеледі. Бір жағынан адам саны көптігінен денсаулық мәселесі үлкен сұрақ белгісін туғызады. Сонда «Біз қатерлі ауруларды өз қолымыздан туғызған жоқпыз ба?» деген ой мазалайды. Әрине, қалада медицина сапасы да әрдайым жоғары болады. Бірақ бұл екі мекенде де теңсіздік тудырады. Ауыл тұрғындары кейде медициналық көмекке жүгіну үшін қалаға жол тартуға мәжбүр. Себебі ауруханалар барлық елді-мекенде бар деп айту қиын.

Америкалық әлеуметтанушы Луис Вирттің көзқарасы бойынша қалалардағы тығыздық әртүрлілік сұрықсыз, пішінісіз, жасанды, уақытша, әлеуметтік қатынастар кеңістігін қалыптастырады.

Бұл мәселенің ең ауыр салдары – отбасы құндылығының әлсіреуі. Ата-ана мен бала арасында рухани алшақтық туындауда. Таң қылаң бере жұмысқа кетіп, тунауа бір-ақ оралатын ата-ана баласының тәрбиесіне, оның ішкі жан дүниесіне үңілуге уақыт таба алмайды. Балалардың тәрбиесі

тып, «тірі роботтарға» айналдырып бара жатқандай.

Қалалар үлкейіп жатқанда, ауылдар ауып барады. Соңғы 30 жылда біздің мемлекеттік саясатымызда ауылдық округтерді дамытуға басымдылық берілді. Әсіресе «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша көп жұмыс атқарылды. Бірақ оның өзінде ауыл мен қала инфрақұрылымында біраз ерекшеліктер бар. Бұл тек экономикалық емес, рухани теңсіздік тудырады.

Ауылдағы мектептердің жабылуы – ұлттық қасірет. Бір мектептің жабылуы – бір ауылдың өлуімен тең. Бала саны азайғандықтан оқу орындары оңтайланып жатыр, бірақ бұл жастардың ауылдан біржола кетуіне тағы бір себеп болады. Ауыл тұрғындары да барлық жағдайы қамтылған жерде өмір сүргісі келеді. Оларға да таза ауыз су, жылдам интернет, жарық көшелер мен заманауи емханалар керек. Егер ауылда «қалалық стандарттар» жасалмаса көші-қон тоқтамайды.

Бізге «урбанизация» ұғымын қайта қарастыру

гаджеттер мен әлеуметтік желілердің еншісіне өтіп кетуі де осыдан болар. Қаланың қарбаласы бізді рухани құндылықтардан алыста-

кажет. Дамыған Еуропа елдерінде ауыл мен қаланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей емес. Ол жақта адам ауылда тұрып-ақ, қалалық деңгейдегі қызметтің бәрін ала алады.

Біріншіден, ауылдық жерлерге базалық деңгейдегі жағдай жасау – бұл мемлекеттің басты міндеті. Оған жер, су мәселесі де саналады. Барлық ресурсты тек үш мегаполиске ғана емес, шағын және орта қалаларды, аудан орталықтарын дамытуға арналуы керек. Егер аудан орталығында жақсы жұмыс пен сапалы білім болса, халық үлкен қаланы аңсамас еді.

Агро-бизнесті қолдауда жо-спар ішінде ерекше қарқын көрсетеді. Ауылды тек егін егетін жер емес, жоғары технологиялық өндіріс орнына айналдыру қажет. Себебі қала тұрғындары да азық-түлік тұтынуы керек. Онімді баптайтын, сараптайтын, жеткізетін негізінен ауыл шаруашылығындағы мамандар. Егер біз импортқа тәуелді болғымыз келмесе, ауыл шаруашылығын

тиімді дамытуға көңіл бөлуіміз қажет. Егер ауылдық жерлерде жастарға мүмкіндіктер бастауға жаңа қадамдар берілсе, олар ауылда қалар еді.

Ауылды тек «шикізат көзі» ретінде емес, ұлттық кодтың сақтаушысы және жайлы мекен ретінде қабылдауымыз керек. Сонда ғана қала мен ауыл арасындағы теңсіздік жойылып, халықтың әлауқаты артады.

Қала мен ауыл арасындағы ерекшеліктер халықтың тұрмыс-тіршілігіне қатты әсер ететінін өздеріңіз де байқаған шығарсыздар. Дамыған елдер екі тараптың да жағдайын қамтып, күнделікті күнкөрісті реттеуге бар күшін береді. Тұрмыс-тіршіліктің қиындық тудырмайтыны да осыдан. Сондықтан біз де еліміздің алға қойған мақсатын орындау үшін барынша өз үлесімізді қосуымыз керек. Иә, ол үшін қаражат, бедел керек. Бірақ сіздің сауатты маман болып, туған жеріңізді өзгертемін деген пейіліңіз болашақта экономикаға үлкен үлес болмақшы. Сол себепті, құрметті оқырман, қиындыққа берілмей, еліміздің туын биіктету үшін бар күшімізді салайық!

Мерей ШӘКРАТ



Басы 1-бетте

ҚАЗАҚЫ СТИЛЬ ҚАЛМАҒА САЛМАЖ ПА?

«Көздер ұмытпасын десең әдемі киін, көңілдер ұмытпасын десең көркем мінезді бол» деген тәмсіл бар. Алайда ұлттық нақышта киінуге қызығушылық артқан сайын, бағасы да күрт қымбаттап бара жатқаны жасырын емес. Осы орайда жадымда жүрген жайттардың бірімен бөліскім келеді. Киім-кешекке аса қызығушылығым жоқ, яки онноманиялық құмарлығым болмаса да ара-тұра назарым ауған дүниені алғаш асығатын әдетім бар-тын. Ойда жоқта желі беттеріндегі жарнамадан оңі ерекше аяқ киімге кезігіп, суреттерін жылжытып отырып тамсана қарадым. Айналдыра жабыстырылған ою-өрнектер жараса қалған демесең, кәділгі аппақ спорттық аяқ киім. Бағасын білмекке дүкен пәсіне хабарласқан едім, айтуынша «колонер туындысының» құны 70 000 теңге екен. Бағасы жалақымыздың жартысына тең болса да, сапасына сенім жоқтай. Себебі дәл осындай бағаға импорттық сапалы тауарды тапсырыспен алдырып, дайын ою-өрнекті дүкеннен алып айналдыра жабыстыру киімнің де болсын қолынан келеді-ау деген ой тағы мазалайды. Осы мақаламыз арқылы қазақ брендтері мен оның бағасы хақында сараптап, саралауды жөн санадық.



«Qazaq Republic» несімен ерекше?

Қазақстанда сапалы һәм жастар арасында беделді брендтер саусақпен санарлық. Солардың бірі – «Qazaq Republic». QR қысқаша атауымен дүркіреп тұрса да әлеуметтік желі беттерінде де, тапсырыс қабылдайтын жеке сайтында да топтамалары тым азы, таңдау жоқ деуге саяды. Десе де кеңінен танымал осынау отандық тауардың құнына тоқталуды жөн көрдік. Мұнда дәл қазір қарапайым жемпірлер мен қалпақты жемпірлердің бағасы 21 000 теңгеден басталып, 29 000 теңгеге түйінделген. Бомберлер 30 000, ал күртелер мен күртешелер 27 000 теңгеден басталып 58 000 теңгеге тоқтайды. Шорталар мен шалбардың құны 8 000 теңгеден басталып, 26 000 теңгеге жетіп жығылады.

– Қазақстандық бренд киімдері, оның ішінде «Qazaq Republic» тауарлары өте жақсы сапада. Барлығы ұнайды, тек ассортимент көбірек болса жақсы болар еді. Сыйлыққа арналған пакеттері керемет, сыйлауға әдемі көрінеді, – дейді тұтынушы Гүлнұр Абжалиева.

Заманауи streetwear стиліндегі отандық бренд



ұлттық болмысты урбан мәдениетімен ұштастыра отырып киімдер дайындайды. Сондықтан да оның «бір кездері» трендке айналғанын кездейсоқ құбылысқа теңей алмаймыз. Киімге басылатын суреттер мен жазулар қазақ тілінде латын әріптерімен жазылып, қысқа әрі есте қалатын сөз тіркестерімен көзге оттай басылады. Десе де дүр сілкіндірген кез келген тауардың өз уақыты болатын секілді. Бүгінде аталған бренд тұтынушылары арасында мақтаумен қатар дағдау да, оң көзқараспен қатар кері пікір де туындап жүр.

– 2017 жылы «Qazaq Republic» жаңадан ашылғанда маған ең керемет бренд болып көрінетін. Шұлықтан бастап, термос, жейде, жемпір, шалбардың барлығын осы жерден тапсырыспен алатынмын. Киімдерінің сапасына сөз жоқ. Тігісі, басылған суреттер мен жазулары мінсіз. Бірақ кейінгі жылдары бұл бренд киімдерінің бір-бірінен айырмашылығы жоқ болып барады. Бір-біріне қатты ұқсайды. Киім түсінің қанықтығы жағынан айтсақ, бір жуғаннан оңа бастады. Нәтижесінде осы бренд топтамасынан әрқайсың 10 мың теңгеге алған 5-6 жейдені қазір үй шаруасына ғана киіп жүрмін. Бір жыл бұрын «senbiclub» атты жемпірді 20 мыңның үстінде бағаға сатып алған едім. Қазір осы жемпірді киіп сыртқа шықсам дәл осы киімдегі адамдарды жиі кездестіремін. Бәлкім құны арзандаған болар... Айтып отырған бренд киімдерді түрлі-түрлі етіп шығармаса, тіпті қоғамдық көлікте менімен бірдей киінген бейтаныс жігіт екеумізді ел жігіт пен қыз деп қабылдап қалған жағдайлар болған. Осындай жағдайлардан кейін мен бұл бренден киім алуды тоқтаттым, – дейді Нұрай есімді тұтынушы.

Желі жұлдыздарының арасында жиі жарнамаланып жүрген «Qoima» брендінің бағасын білмекке интернет дүкендерді шолып шықтық. Аталған брендтен сатылымға шыққан жейденің бағасы 11 000 теңге мен 20 000 теңгенің арасында болса, спорттық шалбарлар мен джинстар 20 000-21 000 теңге көлемінде. Ал

келеді. Ал бұл – уақытша тренд емес, ғасырларға бағытталған мәдени құбылыс.

Қазақы стиль қанша тұрады?

Ұлттық стильдің қайта жаңғыруы кездейсоқ құбылыс емес. Бұрын тек мерекелік шараларда немесе сахнада ғана киілетін шапан мен қамзол бүгінде тойға, ресми жиынға, тіпті күнделікті образға еніп отыр.

Әлеуметтік желілер мен танымал тұлғалардың ықпалы да бұл үрдісті жеделдетті. Белгілі өнер иелері, қоғам қайраткерлері мен инфлюенсерлер ұлттық нақыштағы киімдерді жиі киіп, оны стиль мен статус белгісіне айналдырды. Нәтижесінде ұлттық стиль сән трендіне айналып, сұраныс күрт өсті. Осы ретте ел арасында кеңінен танымал брендтермен байланысып, ұлттық шапандардың бағасына шолу жасауды жөн көрдік.

Мәселен желі беттерінен жиі байқап жүрген «Kasym Brand» киімдері бәрімізге таныс. Ол – ұлттық ою-өрнекті эмоциямен емес, оймен, тыныштықпен және ұстамдылықпен сөйлететін бренд. «Kasym Brand» коллекцияларында жинақы силуэт, қысқа күртелер, еркін қозғалысқа лайық формат басым. Ондағы олар көбіне арқа бойымен тік сызық ретінде, кейде иық пен жаға маңында, сирек жағдайда алдыңғы бөлікте ұсақ акцент ретінде беріледі. Маталар визуалды түрде тығыз, жылы, күз-қыс маусымына лайық. Бұл брендтің «маусымдық трендтен» гөрі ұзақ киілетін гардеробқа бағытталғанын көрсетеді.

Сондай-ақ киімдер ерлерге де, әйелдерге де бірдей жарасымды ортақ стильге негізделген. Бұл киімді сахнаға емес, күнделікті өмірге, серуенге, жұмысқа, креатив ортаға киюге болады. «Kasym Brand» ұлттық кодты «көрсету» үшін емес, өзіндік болмысты сақтау үшін қолданады. Бренд қазақ мәдениетін қалалық контексте табиғи түрде енгізіп, «этно» ұғымын

сән индустриясының өнімі ретінде ұсынып жүргені мәлім. Бренд қалыптастыру, шоурумдар ашу, маркетинг пен имиджде салынған қаржы да өнімнің бағасына қосылады. Осылайша ұлттық стильдің құны біртіндеп шарықтай береді.

Келесі кезекте «Moonshuaq» брендіне тоқтасaq. Ұлттық ою-өрнекті классикалық шапан немесе салтанатты киім шеңберінде қалдырмай, оны streetwear, casual және жастар мәдениетінің тілімен сөйлет алған заманауи бренд деуге болады. «Moonshuaq-тың» топтамаларын қарап отырып, оның негізгі бағыты еркіндік, қозғалыс, қала өмірі және этникалық болмысқа ұмтылатынын аңғардық.

«Moonshuaq» өнімдерінің басты ерекшелігі – қысқа пішім, oversize өлшем және спорттық элементінде. Мұнда bomber-күртелер, көктем мен күзге арналған жеңіл сырт киімдер басым. Бренд киіміндегі оюлар ірі масштабпен, қанық түстерімен бірден көзге түседі. Ал бағасына келер болсақ күртелердің құны барлығы бірдей 50 мың теңге.

Қазақы шапандар арасынан «Elzhan» бренді де ерекше көзге түсті. Мұнда көк ту типіндегі шапаннан бастап, қалалардың, тіпті рулардың атауына арнайы тігілген шапандарды да табуға болады. Ең қызығы һәм ерекшелігі аталған шапандар жыныс таңдамайды. Яки ерлерге де әйелдерге де ортақ стильде. Сондай-ақ бренд тек шапанмен шектелмей, жеңісіз жекеттер мен ерлерге арналған тымақты да дайындайды екен. Шапандар құны 50 мың – 150 мың теңге арасында.

Тұтынушылар «Elzhan» брендінің киімдерінің сапасын жоғары бағалайды, оларды сыйлыққа алуға да қолданатынын айтады. Киімдердің тігісі мықты, ою-өрнегі әдемі, қызмет көрсету деңгейі де жағымды деген пікірлер көптеп кездеседі.

Ұлттық киім – жай ғана сәндік



б ұ й ы м емес, ол халықтың тарихы, дүниетанымы мен мәдени коды. Ал нарық заңдылығы бұл құндылықты тауар ретінде қарастырады. Осы екі ұғымның тоғысында қайшылық туындайды. Бір жағынан, дизайнерлер ұлттық стильді жаңғыртып, әлемдік деңгейге шығаруға тырысады. Екінші жағынан, бағаның шарықтауы ұлттық киімді қарапайым халықтан алыстатуы мүмкін. Қоғамдағы басты сұрақтардың бірі – ұлттық киімнің қолжетімділігі болып отыр. Бүгінде кейбір заманауи шапандар мен этно-костюмдердің бағасы бірнеше жүз мың теңгеге жеткені жасырын емес. Бұл көпшілік үшін, әрине, қолайсыз. Ұлттық киімнің осылай қымбаттауы оны күнделікті өмірден алыстатып, тек той-томалаққа немесе салтанатты жиындарға арналған сәнге айналдырып жібермей ме деген алаңдаушылық бар.

Ұлттық стильдің қымбаттауы – сұраныс, сән және мәдени сананың өсуімен тікелей байланысты. Бұл ұлттық болмыстың қайта жандануының бір көрінісі. Алайда ұлттық киім тек сән элементіне элиталық өлшіне айналып кетпей, халықты қоси п а т а н ы а й ы р ы л м а у ы тиіс дегіміз келеді.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – ұлттық стиль – өткен мен бүгінді жалғаған алтын көпір. Оның бағасы шарықтағанымен, мәні мен мағынасы бәріне ортақ болуы – басты мәселе. Қазақы д ұ н и е т а н ы м д ы қ а л ы п т а с т ы р ы п, ұрпақ бойына тарих пен тағылымды қатар сіңіруде визуалды қабылдау маңызды рөл атқарады. Сондықтан қазақ брендінің, қазақстандық өнімді қолдануды һәм қолдауды қанша насихаттатсақ, сонша қолжетімді болғаны ләзім.

Аружан ОРАЛБАЙ

қарапайым жемпірлер мен қалпақты жемпірлердің құны 26 000 теңгеден басталып, 45 000 теңгеге жетіп жығылады. Сондай-ақ спорттық жұп киімдер 50 000 теңгеге бағаланған.

Дархан мен Дастан есімді егіз блогерлер негізін қалаған «DarDas» бренді де жиі көзге түсіп жүр. Олар алғашында ерлерге және әйелдерге арналған кең типтегі спорттық жұп киімдерді тұтынушыларға ұсынып келген болатын. Аталған бренд жуырда ғана сыртқы киімдерді де сатылымға шығара бастады. Бағасын білмекке байланысқа шығып көрдік. Айтуынша, спорттық жұп киімдердің құны 50 мың теңгеден басталса, сыртқы киім құны 70 мың теңгеге бағаланған. Дәл қазіргі акция уақытына сәйкес тапсырыс беріп, аталған топтаманы 100 мың теңгеге алуға да болатын көрінеді.

«Shoqan» әлемдік нарыққа шығуға дайын

Классикалық үлгіде киінетін ерлер үшін стильді костюм топтамаларын ұсынып жүрген «Shoqan» бренді де көпке танымал. Себебі бұл брендтің амбассадоры – Димаш Құдайбергелі. Жаңа дәуірдің образы атанған классикалық костюмдер көз тартады. Ал бағасына келер болсақ, есеулік костюмдер және жекеттерін қосқандай үшеуліктер ең төмені 140 мың теңгеден басталады екен. Ал ең қымбаты 350-400 мың теңгенің көлемінде. Ерекше тоқтала кететіні, аталған бренд тұтынушылардан жеке тапсырыс та қабылдайды. Яғни арнайы өлшемге барып, қалауыңыздағы костюмді тіктіре аласыз.

Осынау бренд атауының өзі көп нәрсені аңғартады. «Shoqan» – қазақ тарихындағы ірі тұлға, ағартушы, зерттеуші Шоқан Уәлихановтың есімімен астасып жатыр. Бұл атау білім, талғам, ой тереңдігі мен мәдени жауапкершілік секілді бренд философиясының негізін айқындайды.

Кәсіпкер Ұлықбек Шәріпов негізін қалаған «Shoqan» бренді 2019 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Ол осы бизнестің арқасында «Forbes Kazakhstan» журналындағы 30 үздік жас рейтингісіне енген болатын. Ол кәсіп бастаған алғашқы жылдың өзінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен 10 butik ашқан табысты кәсіпкер. Оның тұтынушылары қатарында еліміздің алғашқы президенті Нұрсұлтан Назарбаев та бар.

Бренд өз тауарларында асыра сән қуалаудан бас тартып, минимализм мен ұстамдылыққа мән береді.

– Жастарға арнап киім дайындағанда тек жоғары сапалы тауар ұсынып қана қоймай, оған ерекше мән-мағына сіңіру қажет. Киім – бұл жай ғана сапалы мата мен күрделі кәсібі тігін емес, одан әлдеқайда терең ұғым.

Қазақ брендтері толыққанды әлемдік нарыққа шығуға әлдеқашан дайын болған. Бұл – жай ұран емес, шындық. Біз шын мәнінде кез келген жерде сұранысқа ие болатын тауар жасай аламыз. Біз қазақстандық өндірушілердің қолынан келетін үлкен мүмкіндіктерді көрсеткіміз келеді және соған толық дайынбыз, – дейді Ұлықбек Шәріпов.

Бүгінде «Shoqan» жас кәсіпкерлер мен шығармашылық интеллигенция өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік қызмет пен бизнес саласындағы жастар арасында үлкен сұранысқа ие. Себебі «Shoqan» классиканы таңдағандардың сүйікті стиліне айналып

артық романтикадан арылтады. Ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген күртелер құны 40 мың теңгеден басталып, 70 мың теңгеге тұрақтайды.

Бүгінде базар аралай қалсаң қаптап жатқан түрлі-түсті шапаннан көз сүрінеді. Мұнда бағасы қолжетімді киімдердің басым бөлігі Қырғызстаннан келетінін ескінің бірі біледі. Алайда ондағы ою-өрнекке мән беріп жатқан ешкім жоқ. Осы ізбен жалғаса берсе, ертеңгі күні қырғыз халқының өрнегін өз оюларымыздан ажырата алмайтын, тіпті қазақтың ұлттық ою-өрнектері қатарына қосып алмасамызға кім кепіл? Әр елдің салты басқа екенін ескерсек, төл өнеріміздегі әрбір ою-өрнектің өз мағынасы мен мәні барын қатаң есте сақтау қажет. Ол халқымыздың ішкі мәдениетін көрсететін басты элемент болып қала береді.

Тақырыбымызға оралайық. Келесі кезекте «Mugza Brand» тауарларына тоқтасасқ. Аталған брендтің ерлерге арналған күртешелері мен шапандарының құны 38 мың – 120 мың теңгенің арасында болса, әйелдерге арнап тігілген қамзолдар мен шапандар 20 мың теңгеден басталып, 85 мың теңгеге түйінделеді.

Дүкен иелерінің айтуынша, бұл шапандарды халық көбіне кадрлі қонақтар мен құда-құдағайына алу үшін арнайы іздеп келетін көрінеді. Бұл – қай қуанышта да мейманына шапан жауып ат мінгізген қазақ үшін ұлттық киімдердің орны әлі де ерекше екенінің айқын дәлелі.

Сондай-ақ аңғарғанымыз, аталған бренд жұбайларға арналған жұп шапандар да тігеді. Бұл, әрине, көңіл қуантарлық жайт. Десе де жұп киімдердің бағасында жеңілдік те, жеке-жеке алынған қос шапанның құнынан аса айырмашылық жоқ.

Ұлттық үлгідегі сән әлемін толықтырып жүрген кезекті «Abytoi» брендіне де тоқтала кетейік. «Abytoi» бренді ұлттық шапанды бүгінгі заман талғамына сай қайта жаңғыртып, оны күнделікті және салтанатты образдың ажырамас бөлігіне айналдыра алған қазақстандық бренд ретінде қалыптасқан.

Мұндағы топтамадан классикалық ұзын силуэтке негізделген шапанды ла, қысқа күртелерді де, футболкаларды да табуға болады. Киімге түскен оюлар шамадан тыс емес, дәл мөлшерленген, яки өңір тұсында, жағасында немесе алдыңғы бөлікте орналасқан.

«Abytoi» бренді көбіне терең, қою түстерді таңдайтынын аңғардық. Ашық түстен гөрі салмақты бояулардың басым болуы брендтің аудиториясын – жас буынға емес, талғамы қалыптасқан, сапа мен мәнге мән беретін ересек тұтынушыны меңзейді. Бағасына келер болсақ, ерлер шапаны 50 мың мен 200 мың теңге арасында болса, әйелдер шапаны 100 мың теңгеден басталады екен.

Серіктестік иелерінің айтуынша, ұлттық киімнің қымбаттауына бірнеше фактор әсер етіп отырған көрінеді. Бірінші себеп қол еңбегінің үлесінде. Көптеген ұлттық киімдер жаппай фабрикалық өндірісте емес, шеберлердің қолымен тігіледі. Ою ойып, кесте тігу, матаны іріктеу – уақыт пен күшті талап етеді. Екіншіден, материал құны да арзан емес көрінеді. Табиғи жүн, жібек, барқыт, сапалы мақта секілді маталардың басым бөлігі шетелден келінеді. Валюта бағамының өзгеруі де соңғы өнімнің бағасына тікелей әсер етеді дейді. Үшінші себебіке келер болсақ, кейінгі жылдары қазақ дизайнерлері ұлттық киімді тек дәстүрлі бұйым емес,

Жандосбек Нәбиев, Ғани Мұратбаев атындағы жастар сыйлығының иегері,
«Qyzylorda» футзал клубының капитаны:

СПОРТШЫ ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ АҚЫЛДЫ БОЛУЫ ҚАЖЕТ

Ол бір уақыттары кәсіпқой футболдан алыстап, кейін әуесқойлар арасында көрермен көзайымы болып, 34 жасында кәсіпқой футзалға қайта оралды. Бала күннен футболға жаны жақын аяқдопшының айтары да аз емес. Сәті түскен сұхбаттың басын футбол әлеміне қалай келгенінен бастадық.



Басы 1-бетте

– Кез келген бозбала балалық шағында ауласында доп тепкені анық қой. Менде сол секілді көрші ауылдың

бүлдіршіндерімен доп қуалап, кеш қарайғанша үйге бір бұрылмастан жүруші едім. Теледидардан әлемдік жұлдыздардың ойындарын көріп, келешек футбол жұлдызы болуды армандадым. Солай мектеп қабырғасында 3 сыныпта білім алып жүріп, Бақытбек Мәмбетжанов ағайымның оқушысы болып, осы спорт түріне қатыстым. Кейін уақыт өте келе Қазалы ауданының намысын қорғап, одан қала берді «Қайсар» футбол клубының қаралымынан өттім. Бірақ белгілі бір себептермен барлығы мен ойлағандай болмайтынын білдім. Алайда, шүкір, әуесқойлар арасындағы футболда белгілі бір деңгейге дейін көтерілуге мүмкіндік туды. Жеке команда атынан Испания елінде Қазақстанның намысын қорғадық. Дегенмен сәттілік жетіспеді. Міне, осылай-осылай өзім жақсы көрген спорт түрімен айналысып келемін.

– Сөз арасында «Қасқырлардың» қаралымынан өттім деп қалдыңыз. Сол уақытқа тоқталайықшы. Неліктен үлкен футболды жалғастырмадыңыз?

– Расымен, үлкен футболға аяқ басқанда ауылдағы кішкентай баланың алға қойған мақсаттарының бірі орындалып келе жатқанына куанасын. Ол кезде тірі шөптің үстінде ойнаған былай тұрсын, жасанды алаңды да көрмей, қара жерде доп теуіп бастадық. Солай жүріп түрлі жарыстарда жеңімпаз атандық. Міне, солай жүріп кәсіпқой футболға келу ерекше әсер қалдыратын.

2015 жылы қаламызда қазақ балалары жиналған бірінші лигаға қатысатын «Байқоңыр» командасы құрылды. Сол уақытта Коля есімді ағайымыз ауданда жүрген Жандосбекті Қызылорда қаласына іріктеу жиынға шақырған болатын. Яғни Шымкент қаласында өтетін 2 кезеңнен тұратын жаттығуға қатысып, екеуінен де сәтті өтіп, келісімшартқа қол қоятын уақыт келді. Бірақ мен сол жерде бас тарттым. Ол уақытта маған берілген ұсыныс тым аз болды және көңілімнен шықпады. Осылайша аяқ аман болса алда тағы мүмкіндіктер кездеседі деген сеніммен кеттім.

– Жаксы, әрі қарай қазбалай бермей-ақ қояйық. Содан бері қарай әуесқойлар арасында доп теуіп, елге белгілі футзалшылармен бір командада ойнадыңыз. Тіпті ірі турнирлерде топ жарып, «Үздік» атанып жүрдіңіз. Яғни Жандосбектің бағы қайта жанды десек болады. Сол аралықта кәсіпқой футзал клубтардан ұсыныстар болды ма?

– Келіссөздер аяқталғаннан кейін Қазалы ауданына қайтып, өзімнің мамандығым бойынша жұмыс істеп жүрдім. Осылай жұмысыммен қатар футбол да қалыс қалмады. Әр қалада түрлі ойыншы мен доп теуіп, талай додада көзге түстік. Сол аралықта ұсыныстар болды. Бірақ тағы да келісе алмай қалдық. Өйткені барлығы қаражатқа келіп тіреледі. Мен ерте жастан шаңырақ көтергеннен кейін отбасымды асырау үшін қаладан қалаға турнирлерге барып жүрдім. Ал кәсіпқой футболдан түскен ұсыныстар ол жақтағы табысына жетпейтін. Осылай-осылай уақыт өтіп кетті.

– Уақыт өтсе де, 30 жастан асқаннан кейін кәсіпқой футболға қайта оралуға мүмкіндік туды. Оған себеп – ұзақ уақытта кейін Сыр

жаман басталмады. Әуесқойлар арасында өнер көрсетіп жүрген жігіттердің бағы жанды. Тамаша голдар соқты, ұтымды пастар берді. Команданың қазіргі жағдайы жаман емес. Енді ғана кәсіпқой футболға аяқ басқан, оның үстіне жергілікті жігіттердің басы жиналған команда үшін барлығы бірден бола қоймайтыны анық. Бастысы, жоспар бойынша жүріп келеміз. Жуырда екінші тур Тараз қаласында өтті. Алайда бірнеше жігіттің бара алмауынан және жаттығудың аз болуынан ұпай ала алмадық. Алла сәтін салса үшінші турға сақадай сай болып, жанкүйерлерді қуантамыз деген ойдамыз. Жаттығу жұмыстары да қалыпты жүріп жатыр.

– Иә, Тараз қаласында өткен турға куә болдық, 3 ойында да жақсы өнер көрсеттіңіздер. Бірақ сәттілік серік болмады.

– Иә, ең өкініштісі ұпайларды қолдан бергендей болдық. Алаңда жүріп әр жағдайды сезіну мүлдем бөлек. Толық жинала алмай келгеніміз де ауырпашылық тудырды. Бір ойыншының орнын бір ойыншы баса алмай шашылып қалып жаттық. Капитан ретінде алаңда жүріп барлығын ретке келтіргің келеді, бірақ оңай болмайды. Ендігі алдағы болатын турға бар күшімізді саламыз.

– Ұзын құлақтан естуімізше, жақында еліміздегі бірнеше кәсіпқой футбол клубынан ұсыныс түскен екен. Нақтылап кете аласыз ба?

– Иә, ұсыныс түсіп жатыр. Бірақ әзірге ауызша ғана. Қағаз жүзінде ештеңе іске аспады. Сондықтан асығыс айту әбестік болар. Қазіргі менің бірінші мақсатым – Қызылорда футболын жоғарыға көтеру және кейінгі жас буынға жол көрсету. Ал жақсы жаңалықтармен алдағы уақытта бөлісе жатармын.

– Уақытты кері шегерсек 15 жасар бала Жандосбектің арманы қандай еді? Орындалды ма?

– Мендегі армандардың бәрі демеймін, бірақ Алланың қалауымен ең негізгі арманым орындалды. Ол – отбасым. Олар да менің әр жеткен жеңісіме қуанып, тақымын қысып отырады. Уақыт кері шегерілмейді. Расымен, артқа көз тастасам, ештеңені өзгертім келмейді екен. Ал 15 жасар Жандосбекке айтарым:

Әрқашан күліп жүр. Өзіңе сен. Өзіңді жақсы көр. Ешқашан өзіңді аяма. Аяушылыққа бой берме. Қоңіл-күйің үнемі көтеріңкі болсын. Ешқашан ешкімге ренжіме, ренжітпе. Өзіңді сүй және бағала. Өзің істеп отырған жұмысыңды жақсы көр. Осылай аянбай еңбек ете алатының үшін Жаратқанға

елінде кәсіпқой футбол клубының ашылуы. Оның үстіне тек жергілікті жігіттердің өнер көрсетуі төбемізді көкке жеткізді. Ал сіз сол команданың капитанысыз. Айтыңызшы, команданың қазіргі халі қалай?

– Расында, Қызылорда қаласында кәсіпқой футбол командасының құрылуы үлкен қуаныш болды. Әсіресе жанкүйерлер үшін жағымды жаңалық болды. Оны біз алғашқы өз үйімізде өткен турда көрдік. Шын қолдауды сезіндік. Ал сол команданы құрып, көпшіліктің қуануына себепкер болған Еркін Жантуғанов, Әділбек Жаханов, Дархан Махамбетов ағаларымызға алғыс білдіреміз. Сол уақытта бірден жергілікті жігіттерді іріктеп, бірінші лиганың бәйгесіне бас қойдық. Ал мені барлығы бір ауыздан капитан ретінде бекітті.

Алғашқы турды Сыр елінде қабылдадық. Басы

Адамдармен дұрыс аралас.

Жауларыңа, қарсыластарыңа сенбе. Бастаған ісінді соңына жейін жеткіз. Барынды бағала және барлық жағдайда әрекет ет. Жұмысқа жан-тәнімен кірісіп кетпей, бір сәтке үзіліс ал. Демалуды үйрен. Бәрінен шаршап, жалықпау үшін дұрыс демалуды қолға ал.

Арманыңа берік бол. Жүз рет құласаң, жүз бірінші рет тұрып, алға ұмтылуды жалғастыр. Бәріне жауапкершілікпен, салмақты қарап, таңдауыңнан, жолыңнан күмәнданба. Еңбегіңді бағалап, өзіңе сенуді тоқтатпа. Бәрі жақсы болады.

Үйде кішкентай Жандосбектер өсіп келеді. Бастысы солардың арманы орындалуына күш сал.

– 4 ұлдың әкесісіз. Барлығының да болашағын футболдан көресіз бе? Әлде басқа спорт түріне баулисыз ба?

– Аллаға шүкір, құдайдың берген 4 қарам бар. Тұңғышым Әли қазіргі таңда футболға қатысып жүр. Нәтижесі жаман емес. Үлкен футболда «Қайсардың» U15 сапында доп тебеді. Бірнеше қалаға шығып, бағын сынап келеді. Шынымен баланың арманы аяқдопшы болу болса, мен оған тұсау салмаймын. Бүгінде күні доп ойнаған тозбайды, керісінше бағы жанса өседі.

Ал екінші ұлым – Мүслім. Ол қазір күреспен айналысып жатыр. Болашағынан зор үміт күтемін. Одан кейінгі Төрешұр мен Мұхаммед әлі кішкентай. Өсе келе ептілігіне қарай өзіне ұнаған спорт түрімен айналыса береді.

– Қазір шәкірттер тәрбиелеп келесіз. Шәкірт тәрбиелеу жолындағы мақсатыңыз қандай?

– Әр баланың арманы болады. Ал менің оқушыларым үздік болғысы келеді. Мен солардың арманы орындалуына сәл де болса септігімді тигізсем деймін. Өзім жасаған қателіктерді қайталап, дұрыс бағыт-бағдар берсем деп бас қатырамын. Елдің атын шығарып, шет елдерде өнер көрсетуіне дұрыс баспалдақ болсам, соның өзі мен үшін үлкен жетістік.

– Футбол сүйер көрермен сізді Моңғол лақап атыңызбен таниды. Есіміңіз неліктен олай аталып кетті?

– Моңғол деп танитыны рас. Бұл бала күнгі көршілерімнен қалған жақсы сыйлық деп есептеймін. Бірақ уақыт өте келе айналам Жандос деп үйреніп келе жатыр.

– Футболдың төңірегінде жүрген жастарға не айтасыз?

– Адам баласы өзі айналысатын іске, жұмысына өте салмақты, жауапкершілікпен қарауы керек. Футбол маған өте көп дүниені үйретті, әлі де үйретіп келе жатыр.

Спортшыға ең әуелі тәрбие қажет. Бәрінен бұрын өзгені емес, өзіңді тәрбиелеуің керек. Қайсар мінез қалыптастырып, дисциплинаға бойынды үйретуің тиіс. Табандылық пен өліспей-беріспетін қайсарлық бойыннан табылуы абзал. Жеңілгенде ғана тыраштанбай, жаттығудың өзін соңғысы секілді аямай жасау керек. Күнделікті жаттығуға немқұрайлы қарамай, әр әрекетті саналы түрде істеген жөн.

Өзімді асып-тасыған спортшымын деп айта алмаймын. Бірақ менің де белгілі бір деңгейде өскенім, түйгенім жеткен жетістігім бар. Футболдың ауқымы кең ғой. Бастысы әрбір алаңға шыққан сайын ақылды іске қосу қажет. Ал ол тәжірибемен келеді. Ең бірінші – аяққа абай болу маңызды. Әйтпесе, қанша жақсы ойыншылар жарақаттың кесірінен футболға орала алмай кетті. Ал одан кейін сен ешкімге керек емессің.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Абзал ЖОЛТЕРЕК



алғыс айтуды да ұмытпа. Еңбектен. Ешқашан берілме. Барлығы сенің бірдей досың емес.

Басы өткен санда

Дірілдеген нәзік қолымен шелекті самауырға сатырлай тигізіп суды эзер құйды. Самауырға тамызық сала отырып ішіне булыққан өксікті бұдан әрі қарай жасыра алмады. Су қоймасын тіреп тұрған дамбы жарылғандай көзден жас парлай ақты. Көкжиектен шығып келе жатқан күн өзінің шуағымен Жібекті бауырына қысып құшақтағандай болды. Көзінің жасын көйлек жеңімен сүрте отырып, әйтеуір бір уақытта өксігі басылайын деді. Енді мана қораға барғандағы көріністі көз алдына елестіп, бір нүктеге сүйсіне қарап отыр. Сары қамыс үстінде ана мысық әлсіз қалжыраса да марғауларын жалап мейірлене карауда. Ал әлі көзін ашпаған марғаулар анасын емірене емуде. Сондай жылы көрініс. Төрт марғауды қатар дүниеге әкелген Маруся қандай ержүрек, батыр еді! Мысықтар өзі ана бақытын адамдар секілді сезіне ме екен? Осы ойлардан кейін Жібек қолымен сүйкімді томпиған ішін мейірлене сипады.

Үзілген

Марусяның ана атанған алғашқы күні. Бүгінде ана мысық үшін дүниенің бар қызығы тек балалары. Маруся көзі көк, қардай мамық аппақ пошымымен сұлу еді. Ауланы айнала жүргенде алдынан кезіккен көзі көрер тірі жанның назарын аудартатындай кербездене жүретін. Нан қикымын, шайдан қалған үзім нанды аш қалмасын деп Күләнда мысыққа тастағынымен Маруся оған көзінің қиығын да салмайтын. Ауланы айналып жүріп өзі Жібекті тауып алып аяғына майыса еркелеп нәзік үнімен мияулайтын. Хайуан да адамның жақсысын біледі. Жібек те босаға аттағалы Маруся сырласы, осы үйдегі жан досы қылып алған. Жібек күнде кешке кербез мысығына қуанышы мен мұңын айтып көзінің жасын бір сығып алатын. Жібек жылап отырып сыр шерткенде Маруся ақырын жанына барып баяу мияулап алдыңғы табанын жыламышы дегендей Жібектің денесіне тигізетін.

Жібек бетін құдықтан алынған суық бұлақ суымен шайып, түк болмағандай самауырынды там алдына тігілген киіз үйге эзер көтеріп апара жатты. Қоңыр салқын күз де келіп қалған. Таңның салқынында Жібектің бар арманы киіз үйге кіріп ыстық шаймен бойын жылыту. Асығып самауырды көтеріп киіз үйдің табалдырығынан аттай бергені сол еді, Күләнда бұны тамда ұйықтап жатқан ұлын оятуға жұмсап жіберді. Өзі бойы жаурап жылу іздеп тұрған Жібек сүйретпесін аяғына іле сала тамға қарай қарай аяғын жылдам басып кіріп, күйеуін оятты да бұлқанталқан болып тамнан шығып кетті. Киіз үйге келсе, әлі шай ішіліп басталмапты... Ызаланғанын әдеттегідей киіз үйдің сыртына тастап кетіп, үнсіз ата-енесінің қас-қабағына қарап Жібек ашуын іште тұншықтырып шай құйып отыр. Бір уақытта табалдырықтан ішке кірген ұзын бойлы, шашы толқынды, мұртты Бекет ұзыннан керіліп алып дастарханға жайғасты. Шай ішіп отырып Күләнда әдеттегідей сөзді бірінші өзі бастады.

– Түс ауа Ербол ұлымен келіп те қалатын шығар, қазан көтеріп ет сал. Құртты кептіріп қой, немерем жейді. Қалада не оңған құрт бар дейсің, сағынып іздеп келгенде алдына қой, – деп келініне түске дейінгі шаруаларды тапсырып отыр.

– Жеңешем де келе ме?



Жеңешен бар болсын сенің, келсе келер...

– Менің жеңешем өзі бір сұлу ғой. Ауылға келсе, ауылдағы сұлулардың алды болайын деп тұр. Жеңешемді алған менің ағам бақытты ғой, – деп Бекет күйдірген шекерді тістеуікпен сындырып апасына қарап күлді. Бекеттің бұл әрекеті Жібекке ұнамады. Бірақ айта алмады. Дастархан басында қара шал мен Жібектің тек сұлбасы бар демесең, ақылдасу кезінде кеңесшілер бұлардың сөзіне келгенде керең болып қалатыны бар. Таңғы шай ішілгесін әркім өз жұмысымен кетті: Бекет қойға, қара шал қырға, Жібек тамақ жасайтын сарайына апасының тапсырмаларын орындауға даярланды. Бесін уақытында машинаның гүрілі естілді. Есік алдында жолды тосып отқан Күләнда:

– Әй, Жұмағұл, тез, ойбай... Ұлым келе жатыр, – деп киіз үйде демалып жатқан шалына

айқайлайды. Қара шал аунадап орнынан тұрамын дегенше алыстағы көлік те аулаға жақындады. Үлкен кара джип есік алдына тоқтады. Рөльде келіні Майра. Жанында ұлы Ербол отыр. Көліктің артқы есігінен шамамен жеті-сегіз жасар Жомарт түсіп амандасады. Бұл көрініс Жұмағұл

Қалада өскен Жомартқа ауыл өмірі қызық. Жеңгесінің ізінен бір елі қалмай барлығын қызық көріп жүр. Ыдыс жуып тұрған Жібек Жомартқа қарап:

– Марғау көресің бе?, – деді.

– Марғау?

– Иә, марғауды білмеймісің?

– Білемін ғой, жай... Мейлі, көрейік...

Жуып тұрған ыдысын жылдам бітіріп Жомартты ертіп Жібек қораға барды. Жаңа туылған марғауды Жомарттың алғаш көруі. Екеуі қызықтап қарап тұрғанда балаларын

мағдыр

қызғанған

Маруся Жомартқа атылып, бетін осып алды.

Жомарттың көзінен жасы парлай ағып, үйдегі Майраға жылап барды.

Майра қанша жұбатқанымен осы оқиғадан кейін Жомарт мысықты жек көріп кетті.

Кешқұрым ауайы құрт суып кетті.

Бұлт түнеріп шаңды боранның артынан жаңбыр жауды. Аспан тесілгендей шелектеп жауған жаңбыр тоқтайтын түрі жоқ. Төбесі қамыстан жабылған қорадан су өтейін деді. Қора іші ық демесең суықтығы денені қалшылдатып барады. Көзін ашпаған марғаулар денесі дірдектей анасының қойнына бірін-бірі итеріп, қайтсе жылу іздеп кіруге асық. Кербез Маруся күннің суықтығынан кербезденуін ұмытқан. Қайтсем балаларымды жылытамын дегендей дыбысын соза мияулап, жан-жағына қарап амал іздеуде. Қора төбесі қамыстан жабылғандықтан қамыстан өткен жаңбыр ала марғаудың үстіне тамшылайды. Әр тамшы тиген сайын бұндай суықты сезінбеген ала марғау аянышты мияулайды. Маруся марғауына тамшылап тұрған тұсқа икемденіп өз жатып алады. «Барлық жақсы дүние тек менде болу керек», – деп кербезденетін Маруся бүгін ана махаббаттының күшімен өзін екінші орынға қойды. Қанша жылы жер табамын дегенімен марғауларын тастап іздеуге батылы бармады. Суық жерде үстіне тамшылаған суға көніп жатудан басқа Марусяда амал болмады. Сырттан көмек сұрап мияулап шаршап, үміті үзілген ана мысық көзі мөлдірей іштей өзін кінәлі сезінді. Маруся марғаулары болмағанда әлдеқашан үйде жылы төсекте күздің суықтығын да сезбей пырылдап ұйықтап жатушы еді. Бүгінде ол марғауларына жылы баспана тауып бере алмаған шарасыз ана...

Жаңбырдан тұтас ауыл жарықсыз қалды. Найзағай жаркылдаған сайын үй ішіне бірер секундқа ғана жарық береді. Құдды табигаттың өзі жарықсыз қалған ауылға найзағай түсіріп жарықты бір жағып, бір өшіріп ойнап тұрған бала секілді. Қаладан келген қонақтар әкелеген сыйлықтарын жарықшам қосылған түпкір бөлмеде таратуда. Қонақ бөлмеде Жібек келген

қонақтарға арнайылап төсек салып жүр. Үлкен бөлмені жарықтандырып тұрған – төрелкеге екі-үш қабат ери құлап әбден бекініп алған бойы бір қарыс майшам. Майшамнан қадамдап алыстаған сайын бөлме қараңғы тартып заттар көлеңкеге жасырынады. Кереует үстінен бір көрпені алып жаюынның өзі қазір Жібекке мұң. Маңдайынан тері бұрқырап еңгітіп қалып, бір көрпешеден кейін аптығын басып демалғаннан кейін қайта төсек салуға кіріседі.

Құрсақтағы сәбидің де жатқан жері жайсыз болды ма, әйтеуір анасын тепкіштей береді. Бұл Жібектің одан сайын мазасын алды.

Кереует үстіне тау болып үйілген көрпеге қолын созып өзіне тарта бергенде үйілген көрпе Жібектің үстіне құлады. Жібектің шошына айқайлаған дауысы қатты шықты. Түпкір бөлмеде жамыраса шыққан күлкі сап тиыла қалып, түсініксіз күйде бір-біріне абдырап қарап қалды. Бекет «Жібегім» деп тұра жүгіргісі келгенімен, жанұшыра шыққан дауыстан денесін жерге қағылған қазықтай көтеру қиынға соқты. Денесін эзер көтеріп есікке жүргенімен қараңғыда шалынып қайта құлады. Барлығы жамырасып, ойбайға салып айқай шыққан жаққа жүгірді. Тар есіктен қыстырыла бірін-бірі итере шықты. Майшам өшіп қалған. Қонақ бөлме қараңғылық құшағында. Ербол есіктің жақтауының жанында табалдырыққа аяқ баспай, қолын жоғарыға көтеріп бөлмеге жарық беру үшін жарықшамды ұстап тұр. Жерде көрпелер шашылып жатыр. Көрпе арасынан ұзына созылған Жібектің қолы ғана көрінеді. Бекет көзі қанталап шарасынан шығардай өз көзіне өзі сене алмай «балам» деп айқайлап құлаған көрпелерді жан жаққа лақтырып ессіз жатқан Жібекті көргенде үстінен шелекпен мұздай су құйып жібергендей болды. Қолы дірілдей Жібектің басын көтеріп Бекет тек жылаумен болды. Бұл көрініс барлығын да састырды. Табалдырықта қатып қалған тастай қозғала алмай қалған Күләнда:

– Маскара болдық-ау, – деп аузын қолымен басып жай ғана күбірлей сөйледі. Қаладан сонша жыл салып ұлым келгенде қылжиып қалғанын-ай. Бүкіл ауылға маскара болатын болдық-ау. Күләнда іштей осы ойлардан әрі аса алмады. Майра баласының көзін жауып қайта түпкір бөлмеге алып кетті. Жұмағұл карт тартпадан нашатырды тауып, қақпағын ашып Бекетке берді. Нашатырды қолы дірілдей ұстап келіншегіне иіскетіп жатып:

– Көзінді ашшы, жарығым. Тастамашы мені, – деумен ғана болды. Жібек ашқы нашатыр иісінен еміс-еміс есін жиганымен, ішінің қатты ауырсынуынан жатқан жерінен қозғала алмады. Сол жерде барлығы жамырасып ауруханаға апару керек десті. Ауылда медпунк болғанымен оның өз жұмысын тоқтатқанына біраз болған. Жеті түнде жаңбырмен алысып Бекет Жібекті алып Ерболдың көлімен қалаға жолға шықты. Ауылдың ойдым-ойдым шұқыр жерлері өзі эзер отырған Жібектің жанын шығарып барады. Толассыз жауған жаңбырдан Ербол жолды әрең көріп келеді. Қалаға жетемін дегенше Бекеттің көзінен жас тиылмады. Жібектің қолын, біресе ішін ұстап:



– Шыдашы, жарығым, баламыз үшін шыдашы, – деуден басқа ешнәрсе аузына түспеді. Жібек көзін әзер ашып, ауырсынуды жеңіл сезіну үшін бар күшімен қолын жұдырықтап түйіп алған. Түн қанша ауыр болса да Бекеттің айналып толғанғаны Жібектің көңіліне майдай жағып барады. Соңғы рет «жарығым» деп келін болып түскенде айтып еді. Бекеттің жылы сөздерін әбден сағынып қалыпты.

Бүгінгі түн ұзақ өтті. Қара шал мен кемпірі көз іле алмады. Күн көкжиектен шығып келеді. Қара шалдың шаңырағы тымтырыс. Күн шыққанда әуірімдеп Жұмағұл қарт тысқа шығып кетті. Сәлден соң Күләнда әдеттегідей ақ шәркейін беліне буып ортаңғы бөлмеге шықты. Ұлы мен келінінің бөлмесінің есігі бүгін айқара ашық. Сөрелерден тарсылдатып зат іздеудің де мәнін таппады. Үнсіз қаздаңдай аяғын басып ұзын орындықта отырған шалының қасына отырды. Қара шал кемпіріне қарап:

– Тандайым кеуіп отыр, бар, шай қойшы, – деді. Бұл жолы Күләнда қарсы сөз айта алмады. Үнсіз құдықтан су алып сам ауырға құйып, тамызық тұтатып отыр. Үлкен келініне бата алмай, кіші келінінің орны оңырайып қалғаны жүрегіне тікендей қадалғандай күйде ұзыннан салынған үлкен жолға қарап жылап отыр.

Бүгін күн шайдай ашылып түннен бергі жаңбыр суынан жиналған ауладағы көлшіктерді болмағандай кептіріп тастады. Түстен кейінгі уақытта Ербол Майраға хабарласып Жібектің жан сақтау бөлімінде жатқанын хабарлады. Жайсыз хабардан кейін ешкім нәр татуға құлқы болмады. Күні-түні Құдайдан Жібектің амандығын сұрап үй іші дұға қылумен болды. Күләнда шалына ілесіп бүгін бірінші рет жайнамаз үстіне шықты. Бар тілері – келіні мен немересі. Жан сақтау бөлімінде жатқан Жібек жібек матасынан да нәзік халде. Дәрігерлер Жібек пен бала арасында Бекетке таңдау қойған. Аурухана дәлізінде отырған Бекет көзі қанталап не істерін білмей дал. Сонша жыл аңсап, әке атануға бір қадам қалғанда алдына үлкен таңдау қойғаны жүрегін өткір алмаспен тіліп жатқандай. Таразының бір басында жары, екінші басында баласы. Бір ғана таңдау... Бекет түрлі оймен миы жарылардай болып отырғанда мейірбикелер Жібектің халі одан сайын нашарлағанын хабарлап, таңдауды жылдам қазір айтуын сұрап тұрып алды.

– Бала қайта табылар, Жібекті құтқарыңыз, – деп өзінің соңғы шешімін тамағына өксік тығылып әзер айтты. Мейірбике ота жасайтын есікке кіріп кетті...

Кішкентай Жомарт үйде не болып жатқанын онша түсінбеді. Оның бар ойы – мысық. Бетіндегі тырнақ ізі өшпей мәңгі таңба болып қалатын түрі бар. Жомарт құтпан мезгіл болған шақта сыртқа шықты. Күндіз атасының кіші сарайға әлдене зат қойып жатқанын көріп, қоярда қоймай не екенін сұрап алған. Сол сұрап алған затын және ошақ үстіндегі

оттықты алып жан-жағына қарай аяғын аңдап басып қора жаққа беттеді. Қораны айналдыра сұйық затын төгіп жатты. Қабырғасы ағаштан, төбесі қамыстан жабылған қораға біртіндеп оттықты тұтатып лақтырып жатыр. Бірі болмаса бірі жанып мысықты өртер деген Жомарттың ызалы ойы қазір бүкіл қораны өртемек. Керосинге тиген от жалындай бастады. Іште оянып отты көрген мысық көзі шарасынан шығардай не істерін білмей көмек сұрағандай ашы үнмен мияулайды. Жалын ортасында қораны айналып шығар жолды іздеуде. Сексеуілден жасалған есіктің қуысынан шығар жолды әзер тапқан Маруся енді қораның төр жағында жатқан марғауларына жету жолын қарастыра бастады. Жылу іздеп Жібектің құшағына еркелей кіретін Маруся дәл қазір еркелікті ұмытып марғаулары

алып барлығын күлге ұшыратар қасиетімен денесіне ойып таңба салды. Марусяның ышқына шыққан дауысы бүкіл ауылды жайпап салды. Кеше таңертең ғана Жібекке ерекелей мияулаған дауысы бұл жолы зарлы үнмен шықты. Сыртта өз ойын жүзеге асырып кегін алғанына қуанған Жомарттың масаттана күлген жанды дауысы естіледі. Жомарттың дауысын естіп анасы далаға жүгіріп шықты. Жалындаған отқа масаттана күлген баласын көріп, шошып айқайлап жіберді. Намазда тұрған Жұмағұл қарт пен Күләнда тағы бір сұмдықтың болғанын біліп екі жаққа сәлемін беріп, намаздарын шалттытып аяқтауға тырысты. Құптан намазын бітіре салысымен жүгіріп тысқа шықты. Жанып жатқан қора. Майра Жомарттың қолынан сүйреп келеді. Анасы ұрысса да, жұлқылап қолынан сүйреп келе жатса да бүгінгі күніне Жомарт дән риза. Ол әжесіне қарап:

– Әже, мысық өлді. Мен өлтірдім. Кегімді алдым, – деп қуана хабарлайды. Күләнданың жүрегі одан сайын езілді. Қорбандай басып қора жаққа жүгірді. Қора жанындағы үш марғауды көріп қуанып кетіп Марусяны іздеді. Таппады... Мысықты туса, қораға тусын деп үйден қуған

алдында ержүрек құтқарушы рөлінде. Жан-жағын от жалмаған қора ішінде ана мысық жалыннан қорқып зарлана дыбыс шығарады. Өлі көзін де ашпаған бірінші марғауының желкесінен тістеп далаға шығарды. Екінші және үшінші мысық түтінге тұншықса да ананың қырық жаны бар дегендей әйтеуір сыртқа аман шығаруда. Бұл Марусяның төртінші рет отқа кіруі. Марғауын тістеп есікке жетер жарым жол қалғанда қора ортасына жанған қамыс о п ы р ы л ы п Марусяның үстіне түседі. Ыстық от Марусяның үлпілдек аппақ мамық әдемілікті өзіне



көмектесті. Өртенген қораға мелшиіе қарап тұрған Ерғабыл қарт пен Күләнда бауырына марғауларын салып аяғын әзер басып үй жаққа беттеді.

Аурухана дәлізінде тыным таппай әрлі-бері сенделіп, сан мың оймен алысып Бекет жүр. Бір уақытта шырылдаған сәби дауысы естілді. Үш жылдан бергі күткен баласының дауысы... Өмірге құштар сәбидің үні... Бекет іштей Құдайым берді, Құдайым бала берді деп бөркін аспанға лақтыра қуанды. Есіктен дәрігердің шығуын асыға күтуде. Есік ашылды. Ақ халаты қызыл қанға былғанған дәрігер шығып:

– Ұлды болдыңыз, құтты болсын! Ізіңізді жалғар перзентті тандаған әйеліңіз батыр екен. Бекем болыңыз... – деп Бекеттің арқасынан қақты. Бекет бұл хабардан кейін тұрған орнынан қозғала алмады. Екі көзі ота бөлмесінің есігінде. Еріксіз шыққан жас моншақтай төгіліп еденге құлауда.

Есіктен мейірбикелер наукас жататын сүйретпені дәлізбен

мәйітханаға алып барады. Жібегінің үстіне ұзыннан ақ мата жапқан. Бекет ақ матаға оралған денені құшақтап жылай берді. «Кешірші мені, рақмет саған» – деп ғана үлгерді. Мейірбикелер Бекетті мәйіттен алыстатып басу айтып палатаға алып кетті. Бекет ана құшағын сезіне алмай кеткен ұлымен алғаш осы палатада жүзdestі. Дәрігер Бекеттің кеудесіне ұлын тапсырды. Көзін ашпастан сәби жаңа ғана дүниеден өткен анасын жоқтағандай азапты үнмен жылайды.

«Өмірге келген ұл менің емес, Жібегімнің мейірімі мен батырлығын жалғар ұрпағы. Бұндай батырлық менде бола қоймас» деп Бекет әке бақытын сыйлаған жарына іштей көп рақметін айтты.

Солай екі ана балалары үшін өз өмірлерін құрбан етті. Ота есігінің артында бір адамның өмірі үзіліп, екінші жаңа тағдыр басталды...

Айдана ЕДІЛБЕКҚЫЗЫ

Солай екі ана балалары үшін өз өмірлерін құрбан етті. Ота есігінің артында бір адамның өмірі үзіліп, екінші жаңа тағдыр басталды...





АНА МАХАББАТЫНЫҢ ЖЫЛУЫ

Мен атамның әңгімелерін тындап өстім. Атам әңгіме айта бастаса, ішкен асымды жерге қойып, бар ынтамен құлақ түретінімін. Бұл күні дала аяздап, атаммен бірге пештің жанында отырған күндердің бірі еді.

— Мына қыстың қаһарлы аязы есіме бір оқиғаны түсірді, — делі атам. — Токсаныншы жылдың кезі-ау деймін. Мұса есімді кісімен әңгіме-дүкен құрып отырған едік. Алдымыздан келбетті, көзілдірік таққан бір жас жігіт өтіп бара жатып, бізге иіліп сәлем берді. Ол Мұсамен таныс көрінеді. Мұса оған жылы шырай танытып:

— Өсіп қалыпсың-ау, қарағым! — деп жымыды. Мен ол жігіттің кім екенін сұрадым.

— Бұл баланың аты — Бақыт. Біздің мекемеде қызмет етеді. Тағдыры өте ауыр, қазір тұл жетім. Қыстың қаһарлы күні сапарға шыққанда, өмірдегі ең қымбат екі адамнан — анасы мен апасынан айырылды, — деп күрсінді Мұса.

Сәлден соң біздің әңгімемізді естіп пе, әлде көңілі босады ма, Бақыт екі достың жанына келіп, басынан кешкен қайғылы оқиғасын баяндап берді:

— Сұрапыл соғыс жылдары әкемнен айырылып, жетім қалдым. Ол кезде небәрі екінші сынып оқушысы едім. Қатты боран соғып тұрса да, анам мені сабақтан сұрап алып, Қаратеренге жол тарттық. Жолай балықшылардан балық алып жатқанымызда, аспан айналып қара түнек басты. Алдымыздан атқа мінген бір кісі жолықты. Ол: «Күннің райы бұзылып тұр, аяз қатайды, кері қайтқандарың дұрыс болар», — деп ескертті.

Алайда олар «жолдың жартысынан астық, ауылға аз қалды» деп алға жылжи берді. Көп ұзамай қалың

қар жолды басып, аласты. Долы боранға қарсы тұруға шамасы келмеді. Түн батқанда ық жерге демалуға отырған ол, қалай ұйықтап кеткенінде де білмей қалған. Таң ата оянса, екі ананың бауырында, жып-жылы құшақта жатыр екен. Боран басылып, айнала тып-тыныш қалыпқа келді.

— «Апа, анашым, тұрыңыздаршы!» — деп екеуін де оятқым келді. Сөйтсем, ауылға жетуге сәл ғана қалған екенбіз. Жерде жатқан екі ана маған «Өзің бара бер, аман бол» дегендей қол сермеген күйі қатып қалыпты. Мен бар жаныммен ауылға қарай жүгіріп, адамдарды көмекке шақырдым. Ауыл тұрғындары түгел атқа соғып, іздеуге шықты. Бірақ күн қайта бұзылып, боран басталды. Оларды тек кеш батқанда ғана таптық. Аяусыз аяз екі бірдей ананы бұл фөниден алып кеткен екен...

Атам әңгімесін аяқтағанда, бөлмеде үнсіздік орнады.

— Иә, бұл өте аянышты оқиға, — деді атам күрсініп. Бұл соғыс жылдарының ауыр зардабы. Қыстың көзі қырауда тамақ тапшы, жылы киім жоқ заман еді.

Өмірге еркелейтін кезең емес. Бірақ оның өзінде ана бала үшін соңғы демін беретін адам.

Сол кезде кіші інім ойға батып отырып:

— Ана үшін ең қымбаты — баласының амандығы. Екі ана өліммен арпалысып жатып, өздерін емес, ортадағы баланы аман алып қалуды ойлаған. Меніңше, бұл ана махаббатының шексіздігін көрсететін оқиға. Себебі әрбір ана баласын өз жанынан да артық жақсы көреді, — деп анамыздың жанына кетті. Ал ағамыз болса оған сүйісіне қарап отыра берді.

Мерей ШӘКРАТ

БІЗДІҢ БАЛА

ТАРТ ЖАСТАҒЫ ДӘРІГЕР

Қазіргі заманда блогер деген ұғым ересектерге ғана тән емес. Бірақ бұл үрдіс көп жағдайда ойын-сауық пен жеңіл контент аясынан аспай жатады. Саналы смартфон мен сан қырлы платформалар дәуірінде бала да ой айта алады, өсер ете алады, тіпті үлгі бола алады. Соның жырқын мысалы — небәрі 4 жастағы Медина Русаанбек. Ол бүгінде әлеуметтік желідегі парақшасында денсаулық тақырыбында мазмұнды посттар жариялап, 50 мыңнан астам көрерменнің ықыласына бөленіп үлгерді.

Медина — жай ғана видео түсіріп жүрген бүлдіршін емес. Ол ойын мен ойды, балалық пен жауапкершілікті қатар алып жүрген ерекше балақай. Оның блогы кішкентай жүректен шыққан үлкен ниеттің көрінісі іспетті. Ал осы жолда оған бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетіп отырған анасы мен әжесі Мединаға үміт артады.

Бала психологиясын зерттеген мамандардың айтуынша, ерте жастан қызығушылығы ояңған бала өз қабілетін тезірек таниды. Бірақ бұл үдеріс міндеттеу арқылы емес, еркіндік арқылы жүзеге асуы тиіс. Мединаның жағдайында дәл осы қағида сақталғаны байқалады. Ол блог жүргізуді міндет ретінде емес, күнделікті ойынының бір бөлігі ретінде қабылдайды.

Мақала жазу барысында Мединамен тілдестік. Бүлдіршіңге сұрақ қойып, арманын сұрадық.

— Мен өскенде дәрігер болғым келеді, бұл мамандық маған ұнайды! — дейді кішкентай кейіпкеріміз балаға тән шынайылықпен.

Бұл арман төрт жастағы бала үшін тым ерте көрінсе де, оның көзіндегі ұшқын, сөзіндегі сенім бұл арманның жай қиял емес екенін аңғартқандай. Ол дәрігерлерді қызыға бақылап, ине салу сияқты қарапайым процестерді ойын арқылы үйренуге тырысады. Ақ халат ол үшін тек киім емес, адамдарға көмектесудің символы.

БҮЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ

Көп адам үшін камера тосқауыл. Ал кішкентай Медина үшін ол — дос. Ол объективтен қысылмайды, ойын еркін жеткізеді. Мұның сыры неде?

— Мен балама ешқашан шектеу қойған емеспін. Еркін ойнауына, еркін сөйлеуіне мүмкіндік бердім. Камера алдында сөйлеуге ешқашан мәжбүрлеген емеспіз, ойын ретінде үйреттік. Ол өзі қалайды, өзі істейді, — дейді анасы Айгүл Рай.

Баланың табиғи қабілетін тұншықтырмай, керісінше, оны дамыту — ананың басты ұстанымы. Осы еркіндік Мединаға батылдық сыйлады. Бүгінде ол түрлі сахнада, телеарнада өзін сенімді ұстай алады.

Медина қазірдің өзінде жетістікке жетіп үлгерді. Сыр елінің «Жыл блогері — 2025» атанып, республикалық телеарналарға шықты, «Балапан» арнасының қонағы болды. Алматыда түсірілген бейнебаянда басты рөлде ойнады. Ал келесі жылы киноға түсуді жоспарлап отыр.

Бұл жетістіктердің артында ананың еңбегі, төзімі және сенімі жатыр. Айгүл Серікбайқызы кейде сын да, ескерту де болатынын жасырмайды.

— Ата-ана баласын жамандықтан қорғаймын деп жүріп, оның мүмкіндігінен қоршап қоятынын өзі де аңғармай қалады. «Көз тиеді», «ерте жарқырама», «уақыты келген соң» деген сөздер ниет жағынан дұрыс болғанымен, нәтиже жағынан баланың табиғи қабілетінің тұншығуына әкеліп жатады. Бұл қазіргі уақытта көп ата-ананың байқамай жасайтын ең үлкен ағаттығы.

Тағы бір атап өтетін жайт, ата-аналар баланың қабілетін өз амбициясымен шатастырып жатады. Кейде ата-ана баланың емес, өзінің орындалмаған арманын алға сүйейді. Бала өзін емес, ата-ананың үрейін немесе арманының салмағын арқалап өседі. Ал мен Медина қызымның арманына қанат бітіріп, қабілетін дамытуға күш сала беремін, — дейді ол.

Мединаның тәрбиесіне ерекше мән беріп, оның блогерлік мансабын қолдап жүрген жандардың бірі — әжесі Шынар Ерманова. Ол немересінің ашық, көпшіл болғанын құптайды.

— Бала өз ойын еркін айтқаны жақсы. Бұл мінезіне кері әсер етпейді. Қазіргі заманда интернет те керек, бірақ ең бастысы — отбасындағы тәрбие, — дейді әжесі.


Шынында да, интернет жай құрал ғана. Ал баланың ішкі өзегі, адамгершілігі, мәдениеті отбасында қалыптасады. Медина осы екі тәрбиені қатар алып келе жатыр деп ауыз толтырып айтуға толық негіз бар.

Кішкентай кейіпкеріміздің бейнесі бүгінгі қоғамға маңызды ой салады. Балаға ерте жастан мүмкіндік беру — оны өмір бәйгесіне зорлықпен қосу емес, керісінше, ішкі әлеуетін табиғи жолмен ашу. Мединаға блог жүргізу ауыр жүк емес, қуаныш. Ол камераны ойыншықтай көреді, ал айтқан ойы мен контенті көрерменге өтімді, жасандылықтан ада.

Қазір көптеген ата-ана баласының қабілетін байқаса да, оны қалай дамыту керегін білмей, шектен тыс сақтыққа немесе орынсыз талапқа бой алдырады. Мұндай жағдайда бала не өз дарынынан алыстайды, не өзін табуға қиналады. Ал Медина сәби болса да қызығушылығы мен қабілетінің арқасында өзіндік жолын тапқан секілді. Әрине, бұл уақыт еншісінде қалатын сауал...

Медина секілді балалар — бүгінгі цифрлы дәуірдің жана бейнесі. Жас дәрігер Медина бізге бір дүниені дәлелдейді: баланың жасына емес, мүмкіндігіне қарау керек. Егер сенім мен қолдау болса, төрт жастағы бала да қоғамға ой сала алады.

Нұршат НЫШАНОВА



Ұйқы — адам баласына табиғаттың өзі тарту еткен ең қымбат нығметтердің бірі. Ол тек тәннің тынығуы емес, ойдың орнығып, жанның жаңаратын сәті.

Ұйқы жетіспеген жағдайда ең алдымен жүйке жүйесі зардап шегеді. Адам ашушаң, сабырсыз, тез шаршайтын күйге түседі. Есте сақтау қабілеті әлсіреп, ойлау процесі баяулайды. Ғылыми зерттеулер ұзақ уақыт ұйқысыз жүру жүрек-қан тамыр ауруларының, жоғары қан қысымының, иммунитеттің төмендеуінің басты себептерінің бірі екенін дәлелдеген.

Бұдан бөлек, ұйқы гормондық тепе-теңдікті реттейтін негізгі факторлардың бірі. Ұйқы бұзылғанда тәбет өзгеріп, адам тез салмақ қосуы мүмкін. Мұндай жағдай қант диабетіне, созылмалы шаршауға, күйзеліске алып келеді.

Қазақ халқы ұйқы мәдениетіне ерекше мән берген. «Ерте тұрған еркектің ырысы артық», «Түн ұйқысын төрт бөлу» секілді мақал-мәтелдер соның айғағы. Халық танымында күндіз, әсіресе бесін мен ақшам аралығында ұзақ ұйықтау құпталмаған. Мұны «береке қашады», «ырыс кемиді» деп жаман ырымға балаған.

Адам үшін ең пайдалы әрі сапалы ұйқы — түнгі



ұйқы. Әсіресе кешкі сағат 22:00 мен түнгі 02:00 аралығы ағзаның өзін-өзі қалпына келтіретін ең маңызды кезең саналады. Бұл уақытта ми тынығып, жүрек пен жүйке жүйесі демалады, жасушалар жаңарады.

Қызық дерек! Жапония мемлекетінде жұмыс уақытында адамды мызғып кеткені үшін жалқау деп сөкпейді, керісінше, түсіністік танытады. Тіпті мұны еңбекқорлықтың белгісі деп біледі екен. Десе де ұйқының өз орны және арнаулы уақыты бар, ол адамның қызметіне кедергі келтірмеуі керек. Сол кезде ғана жұмысыңыз өз жемісін берді.

Ал түнді телефон қарап, әлеуметтік желі актарып немесе жұмыс істеп өткізу — табиғат заңына қарсы әрекет. Мұндай әдет ұзаққа созылса, созылмалы шаршау, бас ауруы, көздің көру қабілетінің төмендеуі секілді мәселелер пайда болады. Сондықтан түн тынығу үшін жаратылған уақыт екенін ұмытпаған жөн.

Қорлан САРЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 10-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Мерей ШӘКРАТ

Таралымы: 5071
Тапсырыс: 38



Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VРУ00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.

«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ІР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.